«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

# Ашық сабақ

Тақырыбы: Ақтамберді жырау«Балаларыма өсиет»

Пәні: қазақ әдебиеті

8«Б» сынып

Пән мұғалімі: М.Д.Сейлова.

2023-2024 оқу жылы

Қысқа мерзімді сабақ жоспары Қазақ әдебиеті

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | 1-бөлім: «Дананың сөзі- ақылдың көзі» | |
| Педагогтің аты-жөні: | Сейлова М.Д | |
| Күні: | 11.10.2023ж | |
| Сынып: 8 «Б» | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | Ақтамберді жырау «Балаларыма өсиет» | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | Т/Ж. 8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үш орынды қолдану. | |
| Сабақтың мақсаты | Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдана алады. | |

Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басталуы 5 минут | 1. Оқушылармен амандасу. Психологиялық ахуал . 2. Сабақ тақырыбы мен мақсаты, бағалау критерийі таныстырылады. Қызығушылықты ояту  | «Адам бойында қандай жақсы қасиеттер болуы тиіс?» деген тақырыпта ойларын жұпта талқылайды. | Ауызша мадақтау арқылы бағалау *Жарайсың! Тамаша! Керемет!* | Оқулық 8-сынып «Атамұра» баспасы 2018жыл |
| Сабақтың ортасы 5 минут | «Көршіме айтамын» әдісі<br>• «Адам бойында қандай жақсы қасиеттер болуы тиіс?» деген тақырыпта жұбыңызбен пікірлесіңіз.<br>• Ойларыңызды топта бөлісіңіздер. | | Тапсырмаларды бағалау «Өзін-өзі бағалау» айфондары арқылы жүргізіледі. | https://every ng.kz/article/ 10019- balalaryma-s |
| 8 минут | Мағынаны тану<br>Тапсырма Ж.<br>Толғау мәтініндегі сөздікпен танысыңыздар.<br>Сөздік:<br>Кепиет – кесір, кесапат.<br>Келеке – мазақ, тәлкек.<br>Араз болсаң алты ауыз – ауыз бірлігі жоқ.<br>Әреке – бүлік, лаң.<br>Лайым – әрқашан, әрдайым, үнемі, әмсе.<br>Тапсырма | Өлең туралы ойларын жұппен бөліседі. Өлеңдегі жырау өсиеттерін ментальді картаға түсіреді. |   | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 7 минут<br><br>5 минут<br><br>5 минут<br><br>5 минут<br><br>Сабақтың аяқталуы 2 минут | «Балаларыма өсиет» өлеңін түсініп оқыңыздар. Өлең туралы ойыңызды жұппен бөлісіңіз. Өлеңдегі жырау өсиеттерін ментальды картаға түсіріңіздер.<br>Балаларыма өсиет<br>*Балаларыма өсиет,*<br>*Қылмаңыздар кепиет,*<br>*Бірлігіңнен айрылма,*<br>*Бірлікте бар қасиет.*<br>*Татулық болар береке,*<br>*Қылмасын жұрт келеке.*<br>*Араз болсаң алты ауыз,*<br>*Еліңе кірер әреке.*<br>*Талпынып салдым егінді,*<br>*Ішсін деп әркім тегінді,*<br>*Ақылың барың ұғарсың,*<br>*Ойың болса сезімді.*<br>*Тоқсанға жас келген соң,*<br>*Өлім жақын көрінді.*<br>*Бар арманым, айтайын,*<br>*Батырларша жорықта*<br>*Өлмедім оқтан, қайтейін!*<br>*Ел аман болсын лайым,*<br>*Тілегім берді бәрін де,*<br>*Разымын, құдайым!*<br>Мәтін мағынасына байланысты қойылатын сұрақтар:<br>• Сізге ұнаған жолдар қайсы?<br>• Сіздің ойыңызша, толғаудағы ең маңызды мәселе не?<br>• Толғауда сізді таңғалдырған жолдар болды ма?<br>• Толғауда қандай кейіпкерлер бар?<br>• Кейіпкер туралы автор ойына қосыласыз ба?<br>Шығарманың тақырыбына байланысты қойылатын сұрақтар:<br>• Толғау тақырыбы мазмұнға сай деп ойлайсыз ба?<br>• Толғауды қайта жазатын болсаңыз, қандай жаңалық қосқан болар едіңіз?<br>Тапсырма Ж.<br>«Ақтамберді Сарыұлы ел бірлігін, ынтымағын өз толғауына арқау еткен» деген ойды өрбітіп жазыңыз. Өз көзқарасыңызды дәлелдеуде берілген үзінділерді қажетінше қолданыңыз. | Әр топ «Оқырман пікірі» стратегиясы бойынша жұмыс жасайды. Талдау аяқталғаннан кейін, өз ойларын «Дастарқанға» түсіреді.<br><br>«Ақтамберді Сарыұлы ел бірлігін, ынтымағын өз толғауына арқау еткен» деген ойды өрбітіп жазады. Өз көзқарастарын дәлелдеу үшін, үзінділерді қолданады. | Дескриптор<br>Білім алушы<br>*-өз көзқарасын білдіреді;*<br>*-көзқарасын дәлелдеуде үзінділерді орынды қолданады* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 3-тапсырма.<br>«Араз болсаң алты ауыз, Еліңе кірген әреке» деген жолдарды негізге ала отырып, сәйкес мақалды тауып, дәптерлеріңе жазыңдар. Әреке деген не?<br>4-тапсырма.<br>Жыраудың арманы не? Өз ойларыңды толғаудан үзіндіні мысал ретінде келтіре отырып, дәлелдеп беріңдер.<br>Үйге тапсырма: 8-тапсырма | | | |
| 3 минут | *Рефлексия* | Кері байланыс жасайды. | | |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? | Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
| *Берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау, берілетін уақыт, қолданатын дерек көздеріне байланысты бөліп оқыту. Бөліп оқыту сабақтың кез келген бөлімінде қолданылады. Топтағы оқушылардың жеке қабілет ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырманы саралап (дифференциация) қолданамын.* | *Бірнеше тапсырмаларды жоспарлау кезінде олардың бір-бірімен байланысты болуына баса назар аударамын. Мысалы, бірінші тапсырмада ақпарат берілсе, келесі тапсырманы сол алған ақпараттарды қолдануға құрамын.* | *Қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәндерімен пәнаралық байланыс. Ынтымақтастық, азаматтық позиция, құрмет құндылықтары көзделеді. Оқушылардың денсаулығына көңіл бөлінеді: партада дұрыс отыру, тақтадағы ақпаратты жақсы көру үш ыңғайлы отырғызу т.б. Интерактивті тақта қолданылады.* |

| | |
|---|---|
| Ойлану<br>Сабақ максаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланғануақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.<br>Сабақ өз мақсатына жетті. Оқушылар жырау шығармаларынан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орнымен қолдануды үйренді. «Көршімен ақтамын» әдісі толғаумен пікірлесуге керемет тиімді болды. Бұл сабақта оқушылар белсене атсалысып, өз ойларын, көзқарастарын анық айтып, ортаға салды. |

Жалпы баға
Ең жақсы өткен екі дүниені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)
1: *сюжеттік-композициялыталдау жасауы.*
2: *Көтерілген ұлттық мәселелерді анықтауға байланысты талқылауы..*
Қандай екі дүние сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізуші еді? (оқытуға және үйренуге қатысты)
1:
2: *Қазақстан тарихынан өткен ұқсас тақырыптарды еске түсірту.*
Осы сабақтың барысында менің келесі сабағыма қажет болуы мүмкін барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы қандай ақпаратты алдым?
*Оқушыларға осындай толғауларды оқыту және оған сабақ кезінде талдау жасау*

Әдіскер: Д.Ж.Бозшабаева









POLAROID CAM
100